

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы  
«Геодезия және картография колледжі» коммуналдық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорыны



Бекітемін  
Колледж директоры  
Б.А.Салакчинов  
10 \_\_\_\_\_ 2016 ж.

**ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН АЛУ ЖӘНЕ  
ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

## **Жалпы ереже**

1) «Геодезия және картография колледжі» КМҚК оқу – тұрмыстық корпусында бейімделген жатақханадан орын алу және шығару тәртібі туралы ережесі (әрі қарай - Ереже), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Геодезия және картография колледжі» КМҚК ішкі ұйымдастырушылық және нұсқаулық құжаттарына сай әзірленген (әрі қарай - Колледж ).

2) Осы ереже Колледж жатақханасынан орын алу және шығару анықтайды.

### **Жатақханадан орын беру тәртібі**

Колледж жатақханасынан орын беру мақсатында, Колледж жатақханасынан орын алу үшін тапсырылған құжаттардың шынайылығын анықтап, Әкімшілігі келесі жағдайларды қарастыра отырып, шешім қабылдайды:

- бірінші оқу жылында бюджет негізінде оқуға қабылданған студенттер (оқуға түскендігі туралы бұйрықтың көшірмесі);

- «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!», «Серпін-2050» бағдарламасы аясында оқитын студенттер;

- жетімдер, ата-анасының қамқорлығынан айырылғандар (растайтын құжаттар: ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәлік) немесе қамқорлығына алғаны туралы анықтама түп нұсқасы;

- көпбалалы отбасынан шыққан студенттер (отбасы құрамы туралы анықтама, отбасында 4 және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалардың бар екендігі болса, растайтын құжаттар (туу туралы куәлік көшірмесі);

- отбасында ата-анасының бірі қайтыс болған (қайтыс болғаны туралы анықтама және туу туралы куәлігінің көшірмесі) немесе аз қамтылған отбасынан шыққандар (аз қамтылған отбасы үшін алатын көмек туралы анықтама);

- толық емес отбасы (ажырасқан туралы куәлік және туу туралы куәлік көшірмесі);

- ата-анасының екеуі де зейнеткерлер болса (зейнеткерлікті растайтын куәлік, нотариустың бекітуімен);

- елге білім алу үшін келген оралмандар.

Жатақханаға орналастыру туралы Әкімшіліктің шешіміне сай келісімімен орналасатын студенттер тізімі комендант пен жатақхана аға тәрбиешісіне тапсырылады.

Тізімге сай директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жолдама береді, жатақханаға бір оқу жылына орналастырылады.

Барлық жолдама арнайы тіркеу журналына тіркеледі.

Студентті орналастыруды комендат іске асырады. Медициналық анықтама мен төлем жасалынғандығы туралы түбіртек пен келісім шарт бекітілгеннен кейін жолдама негізінде іске асады.

Студент жатақханадан орын алу туралы жолдама берілген күннен кейін 5 жұмыс күн ішінде орналасуы керек. Егер осы уақыт аралығында орналаса алмаған жағдайда ол жайлы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына

хабарлауы қажет. Басқа жағдайда жолдама жарамсыз деп танылып, студент жатақханадан орын алу мүмкіндігінен айырылады.

Жатақханадан орын ала алмаған, бірақ оқу жылының басында кезекке тұрған студент оқу жылы барысында, орын босаған жағдайда орын ала алады.

Жатақханадан өз қалауы бойынша шығып, шартын бұзған жағдайда, Колледж жатақханасы артық төленген төлемді қайтарып береді.

Студент кез келген уақытта Колледж әкімшілігіне жазбаша өтініш қалдыру арқылы шартты бұза алады. Бұл ретте өтініш жазылған күннен бастап шарт бұзылды деп танылады. Сонымен қатар жатақханада тұру туралы шартты бұзу арқылы жатақханадан шыққанға дейін 15 күн ішінде қайтарылады.

### **Жатақханадан шығу тәртібі**

Студенттерді жатақханадан шығаруға негіз:

- 1) Форс –мажор жағдайлардың ұзаққа созылған кезінде;
- 2) Колледж актілерімен белгіленген жатақханада тұру ережесін бұзған жағдайда;
- 3) Жатақханада тұру шартын бұзған жағдайда, төлем ақы төленбеген кезде;
- 4) Бір айдан астам уақыт ішінде жатақханаға келмеген жағдайды, бұл ақпарат жатақхана коменданты мен Колледж Әкімшілігіне беріледі.
- 5) Басқа жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен Колледж актілерінде қарастырылған талаптар бойынша шығарылады.